

Тақырыбы: «Буллингтен қорған!»

Мақсаты: Оқушыларға буллингтің түрлерін, оның зардаптарын түсіндіру; өзін-өзі және өзгелерді қорғау жолдарын үйрету; мектепте жайлы психологиялық ахуал қалыптастыру.

Күні: 15.09.2025ж

Қатысушылар: оқушылар

Психологиялық сергіту «Сөз тізбек» – әр оқушы бір-біріне жылы сөз айтады.

Ойын-жаттығу «Сен қандай кейіпкерсің?» рөлдік ойын

Топтық жұмыс «Буллингтің салдары» – әр топ ватманға буллингтің салдарын (психологиялық, физикалық, әлеуметтік) жазып, сурет немесе символ арқылы бейнелейді.

«Шешім баспалдағы» ойыны – тақтаға жанжал жағдайлары жазылады, әр топ кезекпен шешім қадамын айтып, баспалдаққа орналастырады (мыс: ашуланбау → тыңдау → келісімге келу → кешірім сұрау).

«Қиын жағдайдан шығу» тапсырмасы – мұғалім жанжалға қатысты жағдаяттарды талқылайды.

